

Елді мекендердің шекаралары шегінде тұрғын үй қорын басқару, газ және газбен жабдықтау салаларындағы әлеуметтік инфрақұрылым объектілерінде тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парақтарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 2020 жылғы 29 сәуірдегі № 253 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2020 жылғы 30 сәуірдегі № 33 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 4 мамырда № 20557 болып тіркелді.

Ескерту. Бірлескен бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің м.а. 29.09.2025 № 404 және ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 30.09.2025 № 98 (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 141 және 143-баптарына сәйкес **БҰЙЫРАМЫЗ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің м.а. 22.09.2023 № 11 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 22.09.2023 № 168 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша елді мекендер шекаралары шегінде тұрғын үй қорын басқару саласындағы әлеуметтік инфрақұрылым объектілерінде тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша елді мекендер шекаралары шегінде газ және газбен жабдықтау саласындағы әлеуметтік инфрақұрылым объектілерінде тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша елді мекендер шекаралары шегінде тұрғын үй қорын басқару саласындағы әлеуметтік инфрақұрылым объектілерінде тексеру парағы;

4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша елді мекендердің шекаралары шегінде газ және газбен жабдықтау саласындағы әлеуметтік инфрақұрылым объектілерінде мемлекеттік бақылау саласындағы тексеру парағы бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің м.а. 29.09.2025 № 404 және ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 30.09.2025 № 98 (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

2. "Тұрғын үй қорын басқару саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парағын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 23 желтоқсандағы № 787 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12697 болып тіркелген, 2016 жылғы 26 қаңтарда "Әділет" ақпараттық құқықтық жүйесінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму және ұлттық экономика вице-министрлеріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі
_____ Р. Даленов

Қазақстан Республикасы
Индустрия және
инфрақұрылымдық даму
Министрінің міндетін
атқарушы
_____ К. Ускенбаев

Қазақстан Республикасы
Индустрия және
инфрақұрылымдық
даму министрінің
міндетін атқарушының
2020 жылғы 29 сәуірдегі
№ 253 және
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2020 жылғы 30 сәуірдегі
№ 33 бірлескен бұйрығына
1-қосымша

Елді мекендердің шекаралары шегінде тұрғын үй қорын басқару саласындағы әлеуметтік инфрақұрылым объектілерінде тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары

Ескерту. Өлшемшарттар жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің м.а. 29.09.2025 № 404 және ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 30.09.2025 № 98 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Елді мекендердің шекаралары шегінде тұрғын үй қорын басқару саласындағы әлеуметтік инфрақұрылым объектілерінде тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары (бұдан әрі – Өлшемшарттар) Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 141 және 143-баптарына, "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 10-2-бабының 10-19) тармақшасына және "Тексеру парағының нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 31 шілдедегі № 3 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17371 болып тіркелген) және "Реттеуші мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесін қалыптастыру қағидаларын бекіту және "Мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау жүйесін қалыптастыру қағидаларын және тексеру парақтарының нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 31 шілдедегі № 3 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2022 жылғы 23 маусымдағы № 48 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28577 болып тіркелген) сәйкес әзірленген.

2. Өлшемшарттарда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) бақылау субъектілері (объектілері) – кондоминиум объектілерін басқару органдары, көппәтерлі тұрғын үй мүлкінің меншік иелері бірлестігінің төрағалары, басқару субъектілері, уақытша басқарушы компания, көп пәтерлі тұрғын үйді басқарушы қызметіне мемлекеттік бақылау жүзеге асырылады;

2) балл – тәуекелді есептеудің сандық өлшемі;

3) болмашы бұзушылықтар – кондоминиум объектісінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеудің жекелеген түрлерін жүргізуге арналған шығыстар сметасының тұрғын үй инспекциясымен келісілген кондоминиум объектісінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеудің жекелеген түрлерін жүргізуге арналған шығыстар сметасының тұрғын үй инспекциясымен келісудің болмауы, үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелері жиналысы хаттамаларының Үлгілік нысандарға сәйкес келмеуі;

4) деректерді қалыпқа келтіру – әртүрлі шкалаларда өлшенген мәндерді шартты түрде жалпы шкалаға келтіруді көздейтін статистикалық рәсім;

5) елеулі бұзушылықтар - нормативтік құқықтық актілерде белгіленген, әкімшілік жауаптылыққа әкеп соғатын бұзушылықтар, Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген, мемлекеттік нормативтерді сақтамау, құжаттаманы уақтылы және дұрыс ресімдемеу, "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы "коммерциялық емес акционерлік қоғамында кондоминиум объектілерінің тіркелмеуі, меншік иелері жиналысының хаттамасымен бекітілген кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған шығыстардың жылдық сметасын, тұрғын емес үй-жайларды, жылдық шығыстар сметасын және меншік иелері жиналысының хаттамасымен

бекітілген қоймалардың, қоймалардың, кондоминиум объектісінің жертөле үй-жайларын және басқа да ортақ пайдалану орындарын дезинсекциялау және дератизациялау;

6) өрескел бұзушылықтар - тұрғын үй қорын басқару саласындағы нормативтік құқықтық актілерде белгіленген талаптарды сақтамау, соның салдарынан адамның өмір сүруі мен тыныс-тіршілігінің қолайлы ортасының жай-күйі нашарлап, әкімшілік және қылмыстық жауаптылыққа әкеп соғатын мемлекеттік мүдделерге залал келтіре отырып, тиісті білімі және белгілі бір жұмыс тәжірибесі бар қызметкерлердің штатында болмауымен сипатталатын Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген бұзушылық, екінші деңгейдегі банкте кондоминиумның әрбір объектісіне жинақ және ағымдағы шоттың болмауы, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкінің бөліктеріндегі және орталықтан жылыту жүйелеріндегі ақаулықтар, кондоминиумның ортақ мүлкін сумен жабдықтау, су бұру, электрмен жабдықтау, кондоминиум объектісінің конструкциялары мен инженерлік жабдықтарының техникалық жай-күйіне жоспарлы тексеру жүргізу туралы растайтын құжаттардың болмауы, дұрыс емес есептілікті ұсынумен, нормативтік құқықтық актілерде айқындалған мүлік иелерінің бірлестігі, үй кеңесі және тексеру комиссиясы төрағасының өкілеттік мерзімдерінің сақталмауы;

7) тәуекел – бақылау субъектісінің қызметі нәтижесінде адамның өміріне немесе денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың заңды мүдделеріне, мемлекеттің мүлктік мүдделеріне салдарларының ауырлық дәрежесін ескере отырып, зиян келтіру ықтималдығы;

8) тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары – бақылау субъектісінің тікелей қызметімен, салалық даму ерекшеліктерімен және осы дамуға әсер ететін факторлармен байланысты, бақылау субъектілерін (объектілерін) тәуекелдің әртүрлі дәрежелеріне жатқызуға мүмкіндік беретін сандық және сапалық көрсеткіштердің жиынтығы;

9) тәуекел дәрежесін бағалаудың объективті өлшемшарттары (бұдан әрі – объективті өлшемшарттар) – тұрғын үй қорын басқару саласындағы тәуекел дәрежесіне байланысты бақылау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін пайдаланылатын және жекелеген бақылау субъектісіне (объектісіне) тікелей тәуелді емес тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

10) тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары (бұдан әрі – субъективті өлшемшарттар) – нақты бақылау субъектісі (объектісі) қызметінің нәтижелеріне байланысты бақылау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

11) тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесі – тиісті қызмет салаларында тәуекелдің жол берілетін деңгейін қамтамасыз ете отырып, кәсіпкерлік еркіндігін шектеудің ең төменгі мүмкін дәрежесі мақсатында бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы кейіннен профилактикалық бақылауды жүзеге асыру үшін бақылау

субъектілерін (объектілерін) тәуекел дәрежелері бойынша бөлу жолымен қолайсыз факторлардың туындау ықтималдығын төмендетуге бағытталған, сондай-ақ нақты бақылау субъектісі (объектісі) үшін тәуекел деңгейін өзгертуге және (немесе) бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы осындай бақылау субъектісін (объектісін) профилактикалық бақылаудан босатуға бағытталған басқарушылық шешімдер қабылдау процесі;

12) тексеру парағы – бақылау субъектілерінің (объектілерінің) қызметіне қойылатын, олардың сақталмауы адамның өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделеріне қатер төндіруге алып келетін талаптар тізбесі;

13) іріктеме жиынтық (іріктеме) – Кодекстің 143-бабының 2-тармағына сәйкес мемлекеттік бақылаудың нақты саласында бақылау субъектілерінің (объектілерінің) біртекті тобына жатқызылатын, бағаланатын субъектілердің (объектілердің) тізбесі.

2-тарау. Объективті өлшемшарттар

3. Тексерілетін субъектілерді (объектілерді) тәуекел дәрежелеріне бастапқы жатқызу объективті өлшемшарттар арқылы жүзеге асырылады.

4. Объективті өлшемшарттар тексерілетін субъектілерді (объектілерді) тәуекел дәрежелері бойынша (жоғары, орташа және төмен) бөлу мақсатында әзірленді.

Жоғары тәуекел дәрежесіне:

20 жылдан астам пайдаланылатын тұрғын үйлерді басқарып отырған бақылау субъектілері (объектілері) жатады.

Тәуекелдің орташа дәрежесіне мыналар жатады:

20 жылдан аспайтын тұрғын үйлерді басқарушылар.

Төмен тәуекел дәрежесіне мыналар жатады:

10 жылдан аспайтын тұрғын үйлерді басқарушылар.

5. Жоғары және орташа тәуекел дәрежесіне жатқызылған бақылау субъектілерінің (объектілерінің) қызмет салалары үшін бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және жоспардан тыс тексеру жүргізіледі.

Төмен тәуекел дәрежесіне жатқызылған бақылау субъектілерінің (объектілерінің) қызмет салалары үшін жоспардан тыс тексеру жүргізіледі.

3-тарау. Субъективті өлшемшарттар

6. Тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттарын анықтау үшін мынадай ақпарат көздері пайдаланылады:

1) бақылау субъектілеріне (объектілеріне) бару арқылы алдыңғы тексерулер мен профилактикалық бақылаудың нәтижелері;

2) бақылау субъектісі ұсынатын есептілік пен мәліметтер мониторингінің нәтижелері.

7. Қолда бар ақпарат көздерінің негізінде реттеуші мемлекеттік органдар талдауға және бағалауға жататын субъективті өлшемшарттар бойынша деректерді қалыптастырады.

Субъективті өлшемшарттарды талдау және бағалау ең жоғары әлеуетті тәуекелі бар бақылау субъектісіне (объектісіне) қатысты бақылау субъектісінің (объектісінің) профилактикалық бақылауын шоғырландыруға мүмкіндік береді.

Бұл ретте, талдау және бағалау кезінде бақылаудың нақты субъектісіне (объектісіне) қатысты бұрын ескерілген және пайдаланылған немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мерзімі өткен деректерге қатысты қолданылған субъективті өлшемшарттар туралы деректер қолданылмайды.

Бару арқылы алдыңғы профилактикалық бақылаудың қорытындылары бойынша берілген бұзушылықтарды толық көлемде жойған бақылау субъектілеріне қатысты мемлекеттік бақылаудың кезекті кезеңіне кестелер мен тізімдерді қалыптастыру кезінде оларды енгізуге жол берілмейді.

8. Ықтимал тәуекел мен мәселенің маңыздылығына, бұзушылықтың біржолғы немесе жүйелі сипатына, әрбір ақпарат көзі бойынша бұрын қабылданған шешімдерді талдауға байланысты – өрескел, елеулі және болмашы бұзушылық дәрежесіне сәйкес келетін субъективті өлшемшарттар анықталады.

Әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріндегі елді мекендердің шекаралары шегінде тұрғын үй қорын басқару саласындағы заңнама талаптарын бұзушылықтарды өрескел, елеулі, болмашы етіп бөлу осы Өлшемшарттарға 1-қосымшасына келтірілген.

9. Қолданылатын ақпарат көздерінің басымдығын негізге ала отырып, субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткішін есептеу тәртібіне сәйкес 0-ден 100-ге дейінгі шкаламен субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші есептеледі.

Тәуекел дәрежесінің көрсеткіштері бойынша бақылау субъектісі (объектісі):

1) жоғары тәуекел дәрежесіне – тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 71-ден 100-ге дейінгіні қоса алғанда;

2) орташа тәуекел дәрежесіне – тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 31-ден 70-ке дейінгіні қоса алғанда;

3) төмен тәуекел дәрежесіне – 0-ден 30-ға дейінгіні қоса алғанда жатады.

10. Осы Өлшемшарттардың 4-тармағына сәйкес бақылау субъектісін тәуекел дәрежесіне жатқызу үшін тәуекел дәрежесінің көрсеткішін есептеудің мынадай тәртібі қолданылады.

Мемлекеттік орган осы Өлшемшарттардың 6-тармағына сәйкес ақпарат көздерінен субъективті өлшемшарттар бойынша ақпарат жинайды және деректер базасын қалыптастырады.

Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін (R) есептеу алдыңғы тексерулер мен бақылау (SP) субъектілеріне (объектілеріне) бару арқылы профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша осы Өлшемшарттардың (SC) 6-тармағына сәйкес айқындалған субъективті өлшемшарттарға сәйкес бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін қорытындылау жолымен, деректер мәндерін Өлшемшарттардың 2-қосымшасына сәйкес 0-ден 100 баллға дейінгі диапазонға қалыпқа келтіре отырып, автоматтандырылған режимде жүзеге асырылады.

$R_{\text{пром}} = SP + SC$, мұндағы:

$R_{\text{пром}}$ – субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің аралық көрсеткіші,

SP – бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші,

SC – осы Өлшемшарттардың 9-тармағына сәйкес айқындалған субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші.

Есеп мемлекеттік бақылаудың әрбір саласының бақылау субъектілерінің (объектілерінің) біртекті тобын бақылаудың әрбір субъектісі (объектісі) бойынша жүргізіледі. Бұл ретте мемлекеттік бақылаудың бір саласының бақылау субъектілерінің (объектілерінің) біртекті тобына жатқызылатын, бағаланатын бақылау субъектілерінің (объектілерінің) тізбесі деректерді кейіннен қалыпқа келтіру үшін іріктеу жиынтығын (іріктемені) құрайды.

11. Бақылау субъектілеріне (объектілеріне) бару арқылы алдыңғы тексерулер мен профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша алынған деректер бойынша 0-ден 100-ге дейінгі баллмен бағаланатын бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші қалыптастырылады.

Осы Өлшемшарттардың 6-тармағында көрсетілген ақпарат көздерінің кез келгені бойынша бір өрескел бұзушылық анықталған кезде бақылау субъектісіне 100 балл тәуекел дәрежесінің көрсеткіші теңестіріледі және оған қатысты бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізіледі.

Өрескел бұзушылықтар анықталмаған кезде бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші елеулі және болмашы дәрежедегі бұзушылықтар бойынша жиынтық көрсеткішпен есептеледі.

Елеулі бұзушылықтар көрсеткішін айқындау кезінде 0,7 коэффициенті қолданылады.

Бұл көрсеткіш мынадай формула бойынша есептеледі:

$SP_3 = (SP_2 \times 100 / SP_1) \times 0,7$, мұндағы:

SP_3 – елеулі бұзушылықтар көрсеткіші;

SP_1 – елеулі бұзушылықтардың талап етілетін саны;

SP_2 – анықталған елеулі бұзушылықтар саны.

Болмашы бұзушылықтардың көрсеткішін анықтау кезінде 0,3 коэффициенті қолданылады.

Бұл көрсеткіш мынадай формула бойынша есептеледі:

$$SP_H = (SP_2 \times 100 / SP_1) \times 0,3, \text{ мұндағы:}$$

SP_H – болмашы бұзушылықтар көрсеткіші;

SP_1 – болмашы бұзушылықтардың талап етілетін саны;

SP_2 – анықталған болмашы бұзушылықтар саны.

Бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші (SP) 0-ден 100-ге дейінгі шкала бойынша есептеледі және мынадай формула бойынша елеулі және болмашы бұзушылықтардың көрсеткіштерін қосу жолымен анықталады:

$$SP = SP_3 + SP_H, \text{ мұндағы:}$$

SP – бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші;

SP_3 – елеулі бұзушылықтар көрсеткіші;

SP_H – болмашы бұзушылықтар көрсеткіші.

Бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесі көрсеткішінің алынған мәні субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі көрсеткішінің есебіне енгізіледі.

12. Осы Өлшемшарттардың 9-тармағына сәйкес анықталған субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін есептеу 0-ден 100 балға дейінгі шкала бойынша жүргізіледі және мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$$SC = \sum_{i=1}^n x_i * w_i$$

x_i – субъективті өлшемшарт көрсеткіші,

w_i – x_i субъективті өлшемшарт көрсеткішінің үлес салмағы,

n – көрсеткіштер саны.

Осы Өлшемшарттардың 9-тармағына сәйкес анықталған субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі көрсеткішінің алынған мәні субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі көрсеткішінің есебіне енгізіледі.

13. R көрсеткіші бойынша субъектілер (объектілер) бойынша есептелген мәндер 0-ден 100 балға дейінгі диапазонда қалыпқа келтіріледі. Деректерді қалыпқа келтіру әрбір іріктемелі жиынтық (іріктеме) бойынша мынадай формула әдісін пайдалана отырып жүзеге асырылады:

$$R = \frac{R_{\text{пром}} - R_{\text{min}}}{R_{\text{max}} - R_{\text{min}}},$$

R – бақылау жеке субъектісінің (объектісінің) субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің (қорытынды) көрсеткіші;

R_{max} – бір іріктемелі жиынтыққа (іріктемеге) кіретін субъектілер (объектілер) бойынша субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің шкала бойынша ең жоғарғы ықтимал мән (шкаланың жоғарғы шекарасы);

R_{min} – бір іріктемелі жиынтыққа (іріктемеге) кіретін субъектілер (объектілер) бойынша субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің шкаласы бойынша ең төменгі ықтимал мән (шкаланың төменгі шекарасы);

R_{пром} – осы Өлшемшарттардың 10-тармағына сәйкес есептелген субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің аралық көрсеткіші.

14. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау осы бірлескен бұйрыққа 4-қосымшада келтірілген тиісті тексеру парағы бойынша жүргізіледі.

4-тарау. Тәуекелдерді басқару

15. Адал бақылау субъектілерін көтермелеу және бұзушыларға бақылауды шоғырландыру қағидатын іске асыру мақсатында бақылау субъектілері (объектілері) субъективті өлшемшарттарды қолдану арқылы реттеуші мемлекеттік органның тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарымен айқындалатын кезеңге бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізуден босатылады.

16. Бақылау субъектілері (объектілері) ақпараттық жүйені қолдана отырып, бақылау субъектілері қызметінің тиісті салаларындағы жоғары тәуекел дәрежесінен орташа тәуекел дәрежесіне немесе орташа тәуекел дәрежесінен төмен тәуекел дәрежесіне мынадай жағдайларда:

1) егер мұндай субъектілер Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен үшінші тұлғалар алдында азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру шарттарын жасасса;

2) егер Қазақстан Республикасының заңдарында және реттеуші мемлекеттік органдардың тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарында бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудан босату жағдайлары айқындалса;

3) егер субъектілер өзін-өзі реттейтін ұйым қызметінің нәтижелерін тану туралы келісім жасаған, "Өзін-өзі реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ерікті мүшелікке (қатысуға) негізделген өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшелері болып табылса ауыстырылады.

17. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудан босату мақсатында реттеуші мемлекеттік органдар, сондай-ақ мемлекеттік органдар жеңілдететін индикаторларды ескереді.

Жеңілдететін индикаторларға:

1) деректерді онлайн-режимде беретін аудио және (немесе) бейне жазбалардың болуы;

2) деректерді мемлекеттік органдар жүйесіне беретін датчиктер мен бекіту құрылғыларының болуы.

18. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда осындай негіздер көзделген болса, реттеуші мемлекеттік органның тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарына сәйкес тәуекелдерді бағалау мен талдаудың, аудиттің, сараптамалардың қолданылатын баламалы (тәуелсіз) жүйелері негізінде бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудан және (немесе) талапқа сәйкестігіне тексеру жүргізуден босату мүмкін болады.

5-тарау. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес ерекшелік пен құпиялылықты ескере отырып, ақпараттық жүйелерді пайдаланатын мемлекеттік органдарға арналған тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесін қалыптастыру ерекшеліктері

19. Мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесі бақылау субъектілерін (объектілерін) тәуекелдің нақты дәрежелеріне жатқызатын және бақылау іс-шараларын жүргізу кестелерін немесе тізімдерін қалыптастыратын ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып жүргізіледі, сондай-ақ мемлекеттік статистикаға, ведомстволық статистикалық байқаудың қорытындыларына, сондай-ақ ақпараттық құралдарға негізделеді.

Тәуекелдерді бағалау мен басқарудың ақпараттық жүйесі болмаған кезде бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып, оларға қатысты профилактикалық бақылау жүзеге асырылатын бақылау субъектілері (объектілері) санының ең төменгі жол берілетін шегі мемлекеттік бақылаудың белгілі бір саласындағы осындай бақылау субъектілерінің жалпы санының бес пайызынан аспауға тиіс.

Қазақстан Республикасы
Индустрия және
инфрақұрылымдық даму
министрінің міндетін
атқарушының
2020 жылғы 29 сәуірдегі
№ 253 және
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2020 жылғы 30 сәуірдегі
№ 33 бірлескен бұйрығына
2-қосымша

Елді мекендердің шекаралары шегінде газ және газбен жабдықтау саласындағы әлеуметтік инфрақұрылым объектілерінде тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары

Ескерту. Өлшемшарттар жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің м.а. 22.09.2023 № 11 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 22.09.2023 № 168 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Елді мекендердің шекаралары шегінде газ және газбен жабдықтау саласындағы әлеуметтік инфрақұрылым объектілерінде тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары (бұдан әрі – Өлшемшарттар) Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 141 және 143-баптарына (бұдан әрі – Кодекс), "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 10-2-бабының 10-19) тармақшасына және "Тексеру парағының нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 31 шілдедегі № 3 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17371 болып тіркелген) және "Реттеуші мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесін қалыптастыру қағидаларын бекіту және "Мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау жүйесін қалыптастыру қағидаларын және тексеру парақтарының нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 31 шілдедегі № 3 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2022 жылғы 23 маусымдағы № 48 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28577 болып тіркелген) сәйкес әзірленген.

2. Осы өлшемшарттарда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) әлеуметтік инфрақұрылым – елді мекеннің қалыпты тыныс-тіршілігін функционалдық қамтамасыз ететін заңды тұлғалардың жиынтығы, оларға: әлеуметтік-мәдени мақсаттағы объектілер, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, денсаулық сақтау, білім беру, мектепке дейінгі тәрбиелеу жүйелерінің ұйымдары; демалуға және бос уақытты өткізуге байланысты ұйымдар; бөлшек сауда, қоғамдық тамақтану, қызметтер көрсету саласы, спорттық-сауықтыру мекемелері; халыққа коммуналдық қызметтерді көрсететін және ұсынатын ұйымдар жатады;

2) бақылау субъектілері (объектілері) – тұрмыстық тұтынушы, коммуналдық-тұрмыстық тұтынушы және әлеуметтік инфрақұрылым объектілері;

3) болмашы бұзушылықтар – оқытудан және білімін тексеруден өткен басшылар немесе мамандар қатарынан газбен жабдықтау жүйесі объектілерін қауіпсіз пайдалануға жауапты кәсіпорын бойынша бұйрықпен (өкіммен) тағайындалған адамның болмауы, сондай-ақ түтін және желдету арналарының болуы, ғимараттардың,

көппәтерлі тұрғын үйлердің, тұрғын емес үй-жайлардың инженерлік коммуникацияларының кірмелерін тығыздау бөлігінде белгіленген бұзушылықтар;

4) елеулі бұзушылықтар – Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген әкімшілік жауаптылыққа әкеп соғатын, газ және газбен жабдықтау саласындағы нормативтік құқықтық актілерде белгіленген бұзушылықтар, мемлекеттік нормативтерді сақтамау, газбен жабдықтау жүйелері объектілері иелерінің олардың қауіпсіз пайдаланылуын және жарамды жай-күйін қамтамасыз ету, оларға тиесілі объектілерге техникалық қызмет көрсету жөніндегі жұмысты жүргізу немесе техникалық қызмет көрсетуге шарт жасасу және түтін және желдету арналарының жарамдылығын сақтау, ғимараттардың, көппәтерлі тұрғын үйлердің, тұрғын емес үй-жайлардың инженерлік коммуникацияларының кірмелерін тығыздау міндетін сақтамауы;

5) коммуналдық-тұрмыстық тұтынушы – тауарлық және (немесе) сұйытылған мұнай газын одан әрі өткізу мақсатынсыз, кәсіпкерлік, коммерциялық емес немесе өзге қызметті жүзеге асыру кезінде коммуналдық-тұрмыстық мұқтаждар үшін сатып алатын жеке немесе заңды тұлға;

6) өрескел бұзушылықтар – газ және газбен жабдықтау саласындағы нормативтік құқықтық актілерде белгіленген, соның салдарынан адамның мекендеу және тыныс-тіршілігінің қолайлы ортасының жай-күйі нашарлайтын, мемлекеттік мүдделерге залал келтіре отырып, Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген әкімшілік және қылмыстық жауаптылыққа әкеп соқтыратын талаптарды сақтамау, екі және одан да көп расталған шағымның немесе жеке не заңды тұлғадан түскен өтініштің болуы, сондай-ақ қабаттылығы екі қабаттан асатын көп пәтерлі тұрғын үйлерде тұрмыстық баллондарда сұйытылған мұнай газын сақтау және (немесе) пайдалану;

7) тұрмыстық тұтынушы – тауарлық және (немесе) сұйытылған мұнай газын кәсіпкерлік қызметте пайдалану және оларды одан әрі өткізу мақсатынсыз, тұрмыстық мұқтаждар үшін сатып алатын жеке тұлға;

8) тәуекел – бақылау субъектісінің қызметі нәтижесінде адамның өміріне немесе денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың заңды мүдделеріне, оның салдарынан ауырлық дәрежесін ескере отырып, мемлекеттің мүліктік мүддесіне зиян келтіру ықтималдығы;

9) тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары – бақылау субъектісінің тікелей қызметімен, салалық даму ерекшеліктерімен және осы дамуға әсер ететін факторлармен байланысты, бақылау субъектілерін (объектілерін) тәуекелдің әр түрлі дәрежелеріне жатқызуға мүмкіндік беретін сандық және сапалық көрсеткіштердің жиынтығы;

10) тәуекел дәрежесін бағалаудың объективті өлшемшарттары (бұдан әрі – объективті өлшемшарттар) – белгілі бір қызмет саласындағы тәуекел дәрежесіне байланысты бақылау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін пайдалатынатын және

жекелеген бақылау субъектісіне (объектісіне) тікелей тәуелді емес тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

11) тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары (бұдан әрі – субъективті өлшемшарттар) – нақты бақылау субъектісі (объектісі) қызметінің нәтижелеріне байланысты бақылау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

12) тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесі – тиісті қызмет салаларында тәуекелдің жол берілетін деңгейін қамтамасыз ете отырып, кәсіпкерлік еркіндігін шектеудің ең төменгі мүмкін дәрежесі мақсатында бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы кейіннен профилактикалық бақылауды жүзеге асыру үшін бақылау субъектілерін (объектілерін) тәуекел дәрежелері бойынша бөлу жолымен қолайсыз факторлардың туындау ықтималдығын төмендетуге бағытталған, сондай-ақ нақты бақылау субъектісі (объектісі) үшін тәуекел деңгейін өзгертуге және (немесе) бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы осындай бақылау субъектісін (объектісін) профилактикалық бақылаудан босатуға бағытталған басқарушылық шешімдер қабылдау процесі;

13) тексеру парағы – бақылау субъектілерінің (объектілерінің) қызметіне қойылатын, олардың сақталмауы адамның өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделеріне қатер төндіруге алып келетін талаптар тізбесі.

2-тарау. Объективті өлшемшарттар

3. Тексерілетін субъектілерді (объектілерді) тәуекел дәрежелеріне бастапқы жатқызу объективті өлшемшарттар арқылы жүзеге асырылады.

4. Объективті өлшемшарттар тексерілетін субъектілерді (объектілерді) тәуекел дәрежелері бойынша (жоғары, орташа және төмен) бөлу мақсатында әзірленді.

Жоғары тәуекел дәрежесіне :

Қабаттылығы екі қабаттан асатын тұрғын көппәтерлі үйлерде тұрмыстық баллондарда сұйытылған мұнай газын сақтау және (немесе) пайдалану;

дайындаушы зауыт белгілеген нормативтік қызмет мерзімін өтеген қауіпті техникалық құрылғыларды пайдаланатын объектілер жатады.

Орташа тәуекел дәрежесіне:

дайындаушы зауыт белгілеген нормативтік қызмет мерзімін өтемеген, бірақ оларды тұрақты және қауіпсіз күйде ұстауды талап ететін қауіпті техникалық құрылғылар;

тұрғын үй ішіндегі газ жабдықтарын қоспағанда, топтық резервуарлық қондырғыларға, газ тұтыну жүйелеріне және үйішілік газ жабдығына техникалық қызмет көрсетудің болмауы;

жеке және заңды тұлғалардың газ жабдығын сұйытылған мұнай газымен жабдықтау жүйесіне қосу, сұйытылған мұнай газымен жабдықтау жүйесінің объектілерін

жаңғырту және (немесе) реконструкциялау, сондай-ақ газ желісі емес ұйым жүзеге асырған технологиялық схеманы өзгерту жатады.

Төмен тәуекел дәрежесіне дайындаушы зауыт белгілеген нормативтік қызмет мерзімін өтемеген, жарамды және қауіпсіз күйдегі қауіпті техникалық құрылғылар жатады.

5. Жоғары және орташа тәуекел дәрежесіне жатқызылған бақылау субъектілерінің (объектілерінің) қызмет салалары үшін бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және жоспардан тыс тексеру жүргізіледі.

Төмен тәуекел дәрежесіне жатқызылған бақылау субъектілерінің (объектілерінің) қызмет салалары үшін жоспардан тыс тексеру жүргізіледі.

3-тарау. Субъективті өлшемшарттар

6. Тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттарын анықтау үшін бақылау субъектілеріне (объектілеріне) алдыңғы тексерулер мен бару арқылы профилактикалық бақылаудың нәтижелері пайдаланылады.

7. Қолда бар ақпарат көздерінің негізінде бағалауға жататын субъективті өлшемшарттарды қалыптастырылады.

Талдау және бағалау кезінде бақылаудың нақты субъектісіне (объектісіне) қатысты бұрын ескерілген және пайдаланылған немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мерзімі өткен деректерге қатысты қолданылған субъективті өлшемшарттар туралы деректер қолданылмайды.

Бару арқылы және (немесе) талаптарға сәйкестігін тексеру арқылы алдыңғы профилактикалық бақылаудың қорытындылары бойынша берілген бұзушылықтарды толық көлемде жойған бақылау субъектілеріне қатысты мемлекеттік бақылаудың кезекті кезеңіне кестелер мен тізімдерді қалыптастыру кезінде оларды енгізуге жол берілмейді.

8. Ықтимал тәуекел мен мәселенің маңыздылығына, бұзушылықтың біржолғы немесе жүйелі сипатына, әрбір ақпарат көзі бойынша бұрын қабылданған шешімдерді талдауға байланысты – өрескел, елеулі және болмашы бұзушылық дәрежесіне сәйкес келетін субъективті өлшемшарттар анықталады.

Өлеуметтік инфрақұрылым объектілеріндегі елді мекендердің шекаралары шегінде газ және газбен жабдықтау саласындағы заңнама талаптарын бұзушылықтарды өрескел, елеулі, болмашы етіп бөлу осы Өлшемшарттарға 1-қосымшада келтірілген.

9. Қолданылатын ақпарат көздерінің басымдығын негізге ала отырып, субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткішін есептеу тәртібіне сәйкес 0-ден 100-ге дейінгі шкаламен субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші есептеледі.

Тәуекел дәрежесінің көрсеткіштері бойынша бақылау субъектісі (объектісі):

1) жоғары тәуекел дәрежесіне – тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 71-ден 100-ге дейінгіні қоса алғанда;

2) орташа тәуекел дәрежесіне – тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 31-ден 70-ке дейінгіні қоса алғанда;

3) төмен тәуекел дәрежесіне – 0-ден 30-ға дейінгіні қоса алғанда жатады.

10. Осы Өлшемшарттардың 4-тармағына сәйкес бақылау субъектісін тәуекел дәрежесіне жатқызу үшін тәуекел дәрежесінің көрсеткішін есептеудің мынадай тәртібі қолданылады.

Мемлекеттік орган осы Өлшемшарттардың 6-тармағына сәйкес ақпарат көздерінен субъективті өлшемшарттар бойынша ақпарат жинайды және деректер базасын қалыптастырады.

Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін (R) есептеу алдыңғы тексерулер мен бақылау (SP) субъектілеріне (объектілеріне) бару арқылы профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша осы Қағидалардың (SC) 6-тармағына сәйкес айқындалған субъективті өлшемшарттарға сәйкес бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін қорытындылау жолымен, деректер мәндерін 0-ден 100 баллға дейінгі диапазонға қалыпқа келтіре отырып, автоматтандырылған режимде жүзеге асырылады.

$R_{\text{пром}} = SP + SC$, мұндағы:

$R_{\text{пром}}$ – субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің аралық көрсеткіші,

SP – бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші,

SC – осы Өлшемшарттардың 12-тармағына сәйкес айқындалған субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші.

Есеп мемлекеттік бақылаудың әрбір саласының бақылау субъектілерінің (объектілерінің) біртекті тобын бақылаудың әрбір бақылау субъектісі (объектісі) бойынша жүргізіледі. Бұл ретте мемлекеттік бақылаудың бір саласының бақылау субъектілерінің (объектілерінің) біртекті тобына жатқызылатын, бағаланатын бақылау субъектілерінің (объектілерінің) тізбесі деректерді кейіннен қалыпқа келтіру үшін іріктеу жиынтығын (іріктемені) құрайды.

11. Бақылау субъектілеріне (объектілеріне) бару арқылы алдыңғы тексерулер мен профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша алынған деректер бойынша 0-ден 100-ге дейінгі баллмен бағаланатын бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші қалыптастырылады.

Бір өрескел бұзушылық анықталған кезде бақылау субъектісіне 100 балл тәуекел дәрежесінің көрсеткіші теңестіріледі және оған қатысты бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізіледі.

Өрескел бұзушылықтар анықталмаған кезде бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші елеулі және болмашы дәрежедегі бұзушылықтар бойынша жиынтық көрсеткішпен есептеледі.

Елеулі бұзушылықтар көрсеткішін айқындау кезінде 0,7 коэффициенті қолданылады.

Бұл көрсеткіш мынадай формула бойынша есептеледі:

$$SP_3 = (SP_2 \times 100 / SP_1) \times 0,7 \text{ мұндағы:}$$

SP_3 – елеулі бұзушылықтар көрсеткіші;

SP_1 – елеулі бұзушылықтардың талап етілетін саны;

SP_2 – анықталған елеулі бұзушылықтар саны.

Болмашы бұзушылықтардың көрсеткішін анықтау кезінде 0,3 коэффициенті қолданылады.

Бұл көрсеткіш мынадай формула бойынша есептеледі:

$$SP_H = (SP_2 \times 100 / SP_1) \times 0,3 \text{ мұндағы:}$$

SP_H – болмашы бұзушылықтар көрсеткіші;

SP_1 – болмашы бұзушылықтардың талап етілетін саны;

SP_2 – анықталған болмашы бұзушылықтар саны.

Бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші (SP) 0-ден 100-ге дейінгі шкала бойынша есептеледі және мынадай формула бойынша елеулі және болмашы бұзушылықтардың көрсеткіштерін қосу жолымен анықталады:

$$SP = SP_3 + SP_H \text{ мұндағы:}$$

SP – тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші;

SP_3 – елеулі бұзушылықтар көрсеткіші;

SP_H – болмашы бұзушылықтар көрсеткіші.

Бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесі көрсеткішінің алынған мәні субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі көрсеткішінің есебіне енгізіледі.

12. Осы Өлшемшарттардың 11-тармағына сәйкес анықталған субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін есептеу 0-ден 100 балға дейінгі шкала бойынша жүргізіледі және мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$$SC = \sum_{i=1}^n x_i * w_i$$

x_i – с субъективті өлшемшарт көрсеткіші,

w_i – x_i субъективті өлшемшарт көрсеткішінің үлес салмағы,

n – көрсеткіштер саны.

Осы Өлшемшарттардың 11-тармағына сәйкес анықталған субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі көрсеткішінің алынған мәні субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі көрсеткішінің есебіне енгізіледі.

13. R көрсеткіші бойынша субъектілер (объектілер) бойынша есептелген мәндер 0-ден 100 балға дейінгі диапазонда қалыпқа келтіріледі. Деректерді қалыпқа келтіру әрбір іріктемелі жиынтық (іріктеме) бойынша мынадай формула әдісін пайдалана отырып жүзеге асырылады:

$$R = \frac{R_{\text{пром}} - R_{\text{min}}}{R_{\text{max}} - R_{\text{min}}},$$

R – бақылау жеке субъектісінің (объектісінің) субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің (қорытынды) көрсеткіші,

R_{max} – бір іріктемелі жиынтыққа (іріктемеге) кіретін субъектілер (объектілер) бойынша субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің шкаласы бойынша ең жоғарғы ықтимал мән (шкаланың жоғарғы шекарасы),

R_{min} – бір іріктемелі жиынтыққа (іріктемеге) кіретін субъектілер (объектілер) бойынша субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің шкаласы бойынша ең төменгі ықтимал мән (шкаланың төменгі шекарасы),

$R_{\text{пром}}$ – осы Өлшемшарттардың 12-тармағына сәйкес есептелген субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің аралық көрсеткіші.

14. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау осы бірлескен бұйрыққа 5-қосымшада келтірілген субъект (объект) қызметінің санаты мен түріне байланысты тиісті тексеру парағы бойынша жүргізіледі.

4-тарау. Тәуекелдерді басқару

15. Бақылаудың адал субъектілерін көтермелеу және бақылауды бұзушыларға шоғырландыру қағидатын іске асыру мақсатында бақылау субъектілері (объектілері) субъективті өлшемшарттарды қолдану арқылы реттеуші мемлекеттік органның тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарымен айқындалатын кезеңге бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып, профилактикалық бақылау жүргізуден босатылады.

16. Бақылау субъектілері (объектілері) ақпараттық жүйені қолдана отырып, бақылау субъектілері қызметінің тиісті салаларындағы жоғары тәуекел дәрежесінен орташа

тәуекел дәрежесіне немесе орташа тәуекел дәрежесінен төмен тәуекел дәрежесіне мынадай жағдайларда:

1) егер мұндай субъектілер Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен үшінші тұлғалар алдында азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру шарттарын жасасса;

2) егер Қазақстан Республикасының заңдарында және реттеуші мемлекеттік органдардың тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарында бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудан босату жағдайлары айқындалса;

3) егер субъектілер өзін-өзі реттейтін ұйым қызметінің нәтижелерін тану туралы келісім жасаған, "Өзін-өзі реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ерікті мүшелікке (қатысуға) негізделген өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшелері болып табылса ауыстырылады.

17. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудан босату және талаптарға сәйкестігіне тексеру мақсатында реттеуші мемлекеттік органдар, сондай-ақ мемлекеттік органдар жеңілдететін индикаторларды ескереді.

Жеңілдететін индикаторларға:

1) деректерді онлайн-режимде беретін аудио және (немесе) бейне жазбалардың болуы;

2) деректерді мемлекеттік органдар жүйесіне беретін датчиктер мен бекіту құрылғыларының болуы.

18. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда осындай негіздер көзделген болса, реттеуші мемлекеттік органның тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарына сәйкес тәуекелдерді бағалау мен талдаудың, аудиттің, сараптамалардың қолданылатын баламалы (тәуелсіз) жүйелері негізінде бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудан және (немесе) талапқа сәйкестігіне тексеру жүргізуден босату мүмкін болады.

5-тарау. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес ерекшелік пен құпиялылықты ескере отырып, ақпараттық жүйелерді пайдаланатын мемлекеттік органдарға арналған тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесін қалыптастыру ерекшеліктері

19. Мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесі бақылау субъектілерін (объектілерін) тәуекелдің нақты дәрежелеріне жатқызатын және бақылау іс-шараларын жүргізу кестелерін немесе тізімдерін қалыптастыратын ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып жүргізіледі, сондай-ақ мемлекеттік статистикаға, ведомстволық статистикалық байқау қорытындыларына, сондай-ақ ақпараттық құралдарға негізделеді.

Тәуекелдерді бағалау мен басқарудың ақпараттық жүйесі болмаған кезде бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып, оларға қатысты профилактикалық бақылау

жүзеге асырылатын бақылау субъектілері (объектілері) санының ең төменгі жол берілетін шегі мемлекеттік бақылаудың белгілі бір саласындағы осындай бақылау субъектілерінің жалпы санының бес пайызынан аспауға тиіс.

Елді мекендердің шекаралары
шегінде газ және газбен
жабдықтау саласындағы
әлеуметтік инфрақұрылым
объектілерінде тәуекел
дәрежесін бағалау
өлшемшарттарына
қосымша

Бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып, профилактикалық бақылау жүргізу үшін әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріндегі елді мекендердің шекаралары шегінде газ және газбен жабдықтау саласы талаптарының бұзылу дәрежесі

Р/с №	Өлшемшарттар	Бұзушылық дәрежесі
1	Кәсіпорын бойынша бұйрықпен (өкіммен) тағайындалған газбен жабдықтау жүйесі объектілерін қауіпсіз пайдалануға жауапты адамның оқудан және білімін тексеруден өткен басшылар немесе мамандар қатарынан болуы	болмашы
2	Оқудан және білімін тексеруден өткен жұмыскердің болуы және оның коммуналдық-тұрмыстық тұтынушыларға жатқызылған ұйымдарда, сондай-ақ штатында бөлімше басшысы немесе техникалық білімі бар маман лауазымы көзделмеген ұйымдарда газбен жабдықтау жүйесінің қауіпсіз пайдаланылуын бақылауды жүзеге асыруы	өрескел
3	Газ тұтыну жүйелерінің, коммуналдық-тұрмыстық және тұрмыстық тұтынушылардың газ жабдықтарының жарамдылығын тексеру, себептерін көрсете отырып, олардың ақаулары туралы актілердің болуы	елеулі
4	Түтін және желдету арналарының, ғимараттардың, көппәтерлі тұрғын үйлердің, тұрғын емес үй-жайлардың инженерлік коммуникацияларының кірмелерін тығыздағыштардың жарамдылығы	елеулі

5	Тұрмыстық баллондарда сұйытылған мұнай газын пайдаланатын коммуналдық-тұрмыстық және тұрмыстық тұтынушыда тұрмыстық баллондарда сұйытылған мұнай газын бөлшек саудада өткізуді жүзеге асыратын газ желісі ұйымымен немесе газ толтыру пунктінің иесімен өздеріне тиесілі газ жабдығына техникалық қызмет көрсетуге арналған шарттың болуы	өрескел
6	Коммуналдық-тұрмыстық және тұрмыстық тұтынушылардың топтық резервуарлық қондырғыларын пайдалану және сұйытылған мұнай газын бөлшек саудада өткізу үшін газ желісі ұйымымен шарттың болуы	елеулі
7	Коммуналдық-тұрмыстық және тұрмыстық тұтынушылардың газ жабдықтарын сұйытылған мұнай газымен жабдықтау жүйесіне қосу, сұйытылған мұнай газымен жабдықтау жүйесінің объектілерін жаңғырту және (немесе) реконструкциялау жағдайында, сондай-ақ қосудың технологиялық схемасы өзгерген кезде газ желісі ұйымымен шарттың болуы	елеулі
8	Тұрғын үй ішіндегі газ жабдықтарын қоспағанда, тұтынушылардың газ тұтыну жүйелеріне және сұйытылған мұнай газын беруге арналған үйішілік газ жабдығына техникалық қызмет көрсетуге арналған газ желісі ұйымымен шарттың болуы	елеулі
9	Қабаттылығы екі қабаттан асатын көппәтерлі тұрғын үйлерде тұрмыстық баллондарда сұйытылған мұнай газын сақтау және (немесе) пайдалану	өрескел

Қазақстан Республикасы
Индуcтpия және
инфрақұрылымдық даму
министpінің міндетін
атқарушының
2020 жылғы 29 сәуірдегі
№ 253 және
Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрінің
2020 жылғы 30 сәуірдегі
№ 33 бірлескен бұйрығына
3-қосымша

Елді мекендердің шекаралары шегінде өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы әлеуметтік инфрақұрылым объектілерінде қауіпті техникалық құрылыстарды қауіпсіз пайдалану талаптарының сақталуы бойынша тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары

Ескерту. 3-қосымша алып тасталды – ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің м.а. 29.09.2025 № 404 және ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 30.09.2025 № 98 (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы
Индустрия және
инфрақұрылымдық даму
министрінің міндетін
атқарушының
2020 жылғы 29 сәуірдегі
№ 253 және
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2020 жылғы 30 сәуірдегі
№ 33 бірлескен бұйрығына
3-қосымша

Ескерту. 4-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышы жаңа редакцияда – ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің м.а. 29.09.2025 № 404 және ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 30.09.2025 № 98 (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

Бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып, профилактикалық бақылау жүргізу үшін әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріндегі елді мекендердің шекаралары шегінде тұрғын үй қорын басқару саласы талаптарының бұзылу дәрежесі

Ескерту. Тексеру парағы жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің м.а. 29.09.2025 № 404 және ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 30.09.2025 № 98 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

Р/с №	Өлшемшарттар	Бұзушылық дәрежесі
1	Пәтерлердің, көппәтерлі тұрғын үйдің тұрғын емес үй-жайларының меншік иелері жиналысының хаттамалық шешімімен немесе басқару субъектісін таңдау туралы функцияларды беру жөніндегі жиналыстың мақұлданған хаттамалық шешімі болған кезде үй кеңесінің хаттамалық	елеулі

	шешімімен мақұлданған мүліктің меншік иелері бірлестігі мен кондоминиум объектісін басқару субъектісі арасында шарттардың болуы	
2	"Азаматтарға арналған үкімет " мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамында кондоминиум объектілерін тіркеудің болуы	елеулі
3	Пәтерлер, тұрғын емес үй-жайлар, тұрақ орындары, қоймалар, көппәтерлі тұрғын үй иелері жиналыстарының хаттамаларымен бекітілген кондоминиум объектісін басқаруға арналған шығыстардың жылдық сметасының бір күнтізбелік жылға болуы	елеулі
4	Екінші деңгейдегі банкте кондоминиум объектісіне жинақ шотының болуы	өрескел
5	Екінші деңгейдегі банкте кондоминиум объектісіне ағымдағы шоттың болуы	өрескел
6	Жылыту маусымына инженерлік желілер мен жабдықтарды дайындау бойынша тексеру актісінің болуы	өрескел
7	Кондоминиум объектісін басқару жөніндегі ай сайынғы және жылдық есепті ұсыну туралы растайтын құжаттардың болуы	өрескел
8	Кондоминиум объектісінің ортақ мүлкінің түгендеу тізбесі негізінде кондоминиум объектісін жыл сайынғы тексеру актісін жүргізу туралы растайтын құжаттардың болуы	өрескел
9	Жертөле үй-жайларын, паркингтерді және басқа да ортақ пайдаланылатын орындарды дезинфекциялау, дезинсекциялау және дератизациялау жөніндегі жұмыстарды орындау туралы растайтын құжаттардың болуы	елеулі
	Кондоминиум объектісінің ортақ мүлкінің бөліктерінде (қасбеттер, кіреберістер, вестибюльдер, холлдар, дәліздер, баспалдақ марштары мен баспалдақ	

10	аландары, лифттер, шатырлар, кіру топтарының күнқағарлары (шатырлары), шатырлар, техникалық қабаттар, жертөлелер, жалпы үй инженерлік жүйелері мен жабдықтары, абоненттік пошта жәшіктері, көппәтерлі тұрғын үйдің астындағы жер учаскесі және (немесе) үй жанындағы жер учаскесі, абаттандыру элементтері және басқа да ортақ пайдаланылатын мүлік)	өрескел
11	Тексерілетін субъектінің нормативтік құқықтық актілерінде және жарғысында айқындалған МИБ төрағасының, үй кеңесінің және тексеру комиссиясының өкілеттік мерзімдерін сақтау	өрескел
12	Жиналыстар хаттамаларының пәтер иелері жиналыстарының, тұрғын емес үй-жайлардың, тұрақ орындарының, көппәтерлі тұрғын үй қоймаларының хаттамаларының пәтер иелері жиналыстарының, тұрғын емес үй-жайлардың, тұрақ орындарының, көппәтерлі тұрғын үй қоймаларының үлгілік хаттамаларына сәйкестігі	болмашы
13	Мүгедектігі бар адамдар және халықтың басқа да мобильділігі төмен топтары үшін кедергісіз ортаның болуы	болмашы
14	Кондоминиум объектісін басқару жөніндегі функцияларды жүзеге асыруға біліктілігін растайтын көппәтерлі тұрғын үйді басқаратын кондоминиум объектісін басқару субъектисінде құжаттың болуы	елеулі

Қазақстан Республикасы
Индустрия және
инфрақұрылымдық даму
министрінің міндетін
атқарушының
2020 жылғы 29 сәуірдегі
№ 253 және
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2020 жылғы 30 сәуірдегі
№ 33 бірлескен бұйрығына
4-қосымша

Ескерту. 5-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышы жаңа редакцияда – ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің м.а. 29.09.2025 № 404 және ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 30.09.2025 № 98 (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

Әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріндегі елді мекендердің шекаралары шегінде газ және газбен жабдықтау саласындағы тексеру парағы

Ескерту. Тексеру парағы жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің м.а. 22.09.2023 № 11 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 22.09.2023 № 168 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 138-бабына сәйкес
Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеруді/ профилактикалық
бақылауды тағайындаған мемлекеттік орган _____

Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеруді/профилактикалық
бақылауды тағайындау туралы акт _____

(№, күні)
Бақылау субъектісінің (объектісінің) атауы _____

Бақылау субъектісінің (объектісінің) (жеке сәйкестендіру нөмірі), бизнес-
сәйкестендіру нөмірі _____

Орналасқан жерінің мекенжайы _____

№	Талаптар тізбесі	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді
1	Кәсіпорын бойынша бұйрықпен (өкіммен) тағайындалған газбен жабдықтау жүйесі объектілерін қауіпсіз пайдалануға жауапты адамның оқудан және білімін тексеруден өткен басшылар немесе мамандар қатарынан болуын		
	Коммуналдық-тұрмыстық тұтынушыларға жатқызылған ұйымдарда, сондай-ақ штатында бөлімше басшысы немесе		

2	техникалық білімі бар маман лауазымы көзделмеген ұйымдарда оқудан және білімін тексеруден өткен жұмыскердің болуы және оның газбен жабдықтау жүйесін қауіпсіз пайдалануына бақылауды жүзеге асыруы		
3	Себебі көрсетілген ақаулығы туралы актілер болған кезде коммуналдық-тұрмыстық және тұрмыстық тұтынушылардың газ тұтыну жүйелерінің, газ жабдығының жарамдылығы		
4	Түтін және желдету арналарының, ғимараттардың, көппәтерлі тұрғын үйлердің, тұрғын емес үй-жайлардың инженерлік коммуникацияларының кірмелерін тығыздаудың жарамдылығы		
5	Тұрмыстық баллондарда сұйытылған мұнай газын пайдаланатын коммуналдық-тұрмыстық және тұрмыстық тұтынушыда тұрмыстық баллондарда сұйытылған мұнай газын бөлшек саудада өткізуді жүзеге асыратын газ желісі ұйымымен немесе газ толтыру пунктінің иесімен өздеріне тиесілі газ жабдығына техникалық қызмет көрсетуге арналған шарттың болуы		
6	Коммуналдық-тұрмыстық және тұрмыстық тұтынушылардың топтық резервуарлық қондырғыларды пайдалану және ұйытылған мұнай газын		

	бөлшек саудада өткізу үшін газ желісі ұйымымен шарттың болуы		
7	Коммуналдық-тұрмыстық және тұрмыстық тұтынушылардың газ жабдығын сұйытылған мұнай газымен жабдықтау жүйесіне қосқан, сұйытылған мұнай газымен жабдықтау жүйесінің объектілерін жаңғыртуға және (немесе) реконструкциялауға, сондай-ақ қосылудың технологиялық схемасы өзгерген жағдайда газ желісі ұйымымен шарттың болуы		
8	Тұрғын үй ішіндегі газ жабдықтарын қоспағанда, тұтынушылардың газ тұтыну жүйелеріне және сұйытылған мұнай газын беруге арналған үйшілік газ жабдығына техникалық қызмет көрсетуге арналған газ желісі ұйымымен шарттың болуы		
9	Қабаттылығы екі қабаттан асатын көппәтерлі тұрғын үйлерде тұрмыстық баллондарда сұйытылған мұнай газын сақтау және (немесе) пайдалану		

Лауазымды адам (адамдар) _____

лауазымы _____ қолы _____

тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Бақылау субъектісінің басшысы _____

лауазымы _____ қолы _____

тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Қазақстан Республикасы
Индустрия және
инфрақұрылымдық даму

министрінің міндетін
атқарушының
2020 жылғы 29 сәуірдегі
№ 253 және
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2020 жылғы 30 сәуірдегі
№ 33 бірлескен бұйрығына
6-қосымша

Әлеуметтік инфрақұрылым объектілерінде жүк көтергіш механизмдерді, лифттерді, эскалаторларды, траволаторларды, сондай-ақ мүгедектерге арналған көтергіштерді қауіпсіз пайдалану талаптарын сақтау бойынша өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау саласындағы тексеру парағы

Ескерту. 6-қосымша алып тасталды – ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің м.а. 29.09.2025 № 404 және ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 30.09.2025 № 98 (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы
Индустрия және
инфрақұрылымдық даму
министрінің міндетін
атқарушының
2020 жылғы 29 сәуірдегі
№ 253 және
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2020 жылғы 30 сәуірдегі
№ 33 бірлескен бұйрығына
7-қосымша

0,07 мегаПаскальдан астам қысыммен және (немесе) судың қыздыру температурасы 115 градустан жоғары болған кезде жұмыс істейтін бу және су жылыту қазандықтарын қауіпсіз пайдалану талаптарын сақтау бойынша әлеуметтік инфрақұрылым объектілерінде өнеркәсіптік қауіпсіздік және мемлекеттік бақылау және қадағалау саласындағы тексеру парағы

Ескерту. 7-қосымша алып тасталды – ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің м.а. 29.09.2025 № 404 және ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 30.09.2025 № 98 (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы
Индустрия және
инфрақұрылымдық даму министрінің міндетін
атқарушының
2020 жылғы 29 сәуірдегі
№ 253 және
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің

0,07 мегаПаскальдан астам қысыммен жұмыс істейтін ыдыстарды пайдалану кезінде қауіпсіз пайдалану талаптарын сақтау бойынша әлеуметтік инфрақұрылым объектілерінде өнеркәсіптік қауіпсіздік және мемлекеттік бақылау және қадағалау саласындағы тексеру парағы

Ескерту. 8-қосымша алып тасталды – ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің м.а. 29.09.2025 № 404 және ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 30.09.2025 № 98 (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.